

**МӨНГІЛІК ЖАЛШЫ АДАМЗАТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

**«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» РУХАНИ-
АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ МАЗМҰНЫНЫҢ
НЕГІЗІ РЕТІНДЕ**

03.12.2015

Мазмұны:

1. Тұлға құндылықтарының иерархиясы;
2. Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар;
3. Жалпыадамзаттық құндылықтар және адами тұлғаның болмысы.



1. Тұлға құндылықтарының иерархиясы

Аксиология (грекше ἀξία – құндылық және λόγος – ілім) – «құндылық» категориясын зерттейтін философия саласы.

Адам үшін аса маңызды заттар, құбылыстар, қасиеттер, жай-күйлерді **құндылықтар** деп аталынады.



*Жаңа философиялық энциклопедия
(<http://iph.ras.ru/elib>)*

Жеке адамның барлық құндылықтары белгілі бір дейгейде иерархияланған: жеке адам үшін бірінің маңызы жоғарырақ болса, екіншісінің маңызы азырақ болады.

Иерархияның басында адам өмірін айқындайтын бір немесе бірнеше базалық құндылықтар қатар болуы мүмкін.

Құндылықтар иерархиясы жеке адам санасында мәңгілік тұрақтап қалмайды: өмір ағыны барысында бір құндылықтар бірінші кезекке шықса, енді бірі екінші кезекке жылжиды, яғни құндылықтардың орны маңыздылығына байланысты ауысып тұрады.



Өмірдегі түрлі жағдаяттар, мәселен, емі жоқ ауру, жақын адамның қайтыс болуы, үйінен айырылып қалу және т.б. жағдайлар жеке тұлғаның құндылықтар жүйесі мен мінез-құлық нормасын қайта қарауына негіз болуы мүмкін.

Тұлғаның өмірдегі бағыт-бағдарына қоғамда қолданылатын құндылықтар жүйесі де айтарлықтай ықпал етеді.

Жеке тұлғаға басқа бір беделді тұлға да өзінің құндылықтық көзқарастарымен зор ықпал ете алады.

Қорыта айтқанда, адами құндылықтар жүйесі адам өмірінің соңына дейін тұрақталып қалмайды.

Сондықтан да дамып келе жатқан адамға қай құндылықтар қажет деген заңды сұрақ туындайды.



Құндылықтар туралы мәселені алғаш рет Сократ көтерді. Сократ бұл мәселені өз философиясының негізі етіп алды және оны **игілік** тұрғысында қарастырды.

Педагогикада жалпыадамзаттық құндылықтарды білім мазмұнына мақсатты түрді енгізу мәселесі ХХ ғасырдың 80-90 жылдары жолға қойылды (И.Я. Лернер, В. Оконь, Л.Я. Зорина және т.б.).

Құндылықтарға бағытталған материалдарды білім берудің базалық мазмұнына енгізу мәселесі **рухани-адамгершілік және жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңғыртуға байланысты өзекті мәселеге** айналып отыр.

Сондықтан да қазіргі білім мазмұнында бар материалды пайдалану, онда назардан тыс қалған құндылықтық әлеуетті жарыққа шығару міндеттері туындап отыр.



Тұлға бойына міндетті түрде қажет және оның құндылықтар жүйесінің өзегі болатын, ешқашан өзгермейтін негізгі құндылықтар жүйесінің жиынтығы туралы сөз қозғау керек.

Сондықтан да рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнының негізіне айналатын білім материалдарын іріктеу кезінде **гуманистік** бағытымен, **жалпыадамзаттық** мәнімен, **маңыздылық** деңгейімен, жан-жақтылығымен ерекшеленетін құндылықтарды басшылыққа алу керек.

(Р. Марани, А. Джумсаи, Ш.А. Амонашвили, Д. М. Маллаев, К.Т. Султанов, С.А. Назарбаева).

Т.И. Петракова ұсынған құндылықтар жүйесінің жіктемесі оларды үш түрге бөліп қарастыруды көздейді: **табиғи, жүре пайда болған және абсолюттік.**

Табиғи құндылықтар – бұл адамның табиғи күші мен жан-дүниесінің қабілетілігі құндылықтары: яғни ақыл-ой, сезім, күш-жігер (ақылдың айқындығы, ойдың ұшқырлығы, сезімнің тазалығы, естің сенімділігі, күш-жігердің қайраттылығы).

Жүре пайда болған құндылықтар – бұл адамның интеллектуалды және адамгершілік тұрғыдан дамуы барысында меңгерген құндылықтар (әдептілік, сыпайылық, сыйластық, жанашырлық, кеңпейілділік, ақкөңілділік, сабарлылық және т.б.)

Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар – ол уақытқа бағынбайтын, ешқандай ортамен, қоғаммен шектелмейтін, бүкіл адамзат үшін маңызы зор құндылықтар.



2. Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар

Абсолюттік (мәңгілік) жалпыадамзаттық құндылықтар тұлғаға рухани-адамгершілік білім берудің негізгі өзегі болып табылады. Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар табиғи және жүре пайда болған құндылықтарды да қамтиды. Өйткені жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан алғанда олар **адами қасиеттер** болып табылады.

Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару ізгілікке жол ашады.

Жалпыадамзаттық құндылықтар барлық адами қасиеттердің өзегі болып табылады.



Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар адам бойына тумысынан берілген сый және олар адамның рухани дамуының барлық кезеңіне нәр болады. Тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің көріну деңгейі оның рухани деңгейін білдіреді (1-сурет).

Оқыту үдерісіне мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу тұлғаның адами ізгілік қасиеттерін ашуға, сонымен қатар адамның рухани дамуына ықпал етеді.

Мәңгілік құндылықтар – білім негізі және оның өзегі болып табылады.

Қиянат
жасамау

Тыныштық

Сүйіспеншілік



Дұрыс
әрекет

Ақиқат

"БӨБЕК" ҰҒПБЕСО Адамның үйлесімді дамуы институты

03.12.2015

Өз бойында адамгершілік құндылықтарды дамытудың өзі білім болып саналады. **Ақиқат, Дұрыс әрекет, Тыныштық, Сүйіспеншілік, Қиянат жасамау** сияқты адамгершілік құндылықтарды жете түсінгісі келетін кез келген адам, осы құндылықтарды іс жүзінде қолданып, оларды адал ниетпен және ақ пейілмен таратса, сол адамды нағыз білімді адам деп атауға болады.



Табиғаттың бес элементі (бес тылсымы) – топырақ, су, от, ауа, эфир.

Тығыздығының төмендеуіне байланысты олардың қасиеттері де азая бастайды:

- топырақта – 5 қасиет (дыбыс, түйсіну, пішін, дәм, иіс);
- суда – 4 қасиет (дыбыс, түйсіну, пішін, дәм);
- отта – 3 қасиет (дыбыс, түйсіну, пішін);
- ауада – 2 қасиет (дыбыс, түйсіну);
- эфирде – 1 қасиет (дыбыс).



- Қазіргі кезде барлық бес элемент түгел ластанған, соның нәтижесінде адамдар қауіпсіздік сезімінен айырылып қалған. Қазір балаларға қсы бес элементті пайдалана білуге үйретудің маңызы зор. Ішкі тазарудың соңы сыртқы тазаруға алып келеді.
- Ең алдымен адамның ақыл-ойын қайта жаңарту керек, сонда ғана бүкіл әлем жаңарады, өйткені ақыл-ой осы әлемнің негізі болып табылады.
- Бұл – әлемге қажет білім.



Рухани деңгей

интуиция, ар-ұждан, шабыт

Ажырату деңгейі
(сана, парасат)

Менталді деңгей
(ақыл-ой)

Эмоционалды деңгей

Тәндік деңгей

Жеке тұлғалық
сана

Түпкі сана

Бес сезім мүшесі

3. Жалпыадамзаттық құндылықтар және адам тұлғасының құрылымы

Ішкі үйлесімділікке қол жеткізу үшін адам ойы, сөзі, ісі адами тұлғаның мынадай аспектілеріне сәйкес келетін жалпыадамзаттық құндылықтарға сай болуы тиіс:

Қиянат жасамау – рухани деңгей,

Ақиқат – интеллектуалды деңгей (ажырату, интуиция),

Сүйіспеншілік – адамгершілік деңгей (ментальді, ақыл-ой, сөз),

Тыныштық – эмоциялық деңгей (сезім),


Дұрыс әрекет – физикалық деңгей.

Мінез – адамның басты байлығы.



- **Интуиция жеке «Меннің» аясынан тыс Жоғарғы санадан туындайды (интуиция ретінде көрінетін Ақиқат)**
- **Жоғарғы «Мен» бүкіл сананы қамтып өтеді.**

- **Сезім тәнді басқарады.**
- **Ақыл сезімді басқарады.**
- **Таза парасат (ажырату күші) ақылдан жоғары тұрады.**
- **Егер парасатты (интеллект) дұрыс қолдана білсек, мазасыздықтан, үрейден, агрессиядан арылуға болады. Парасаттың дауысын есту үшін өз ойымызды тыныштық күйіне түсіруіміз керек.**

- 
- **Ізгілік – білім үшін;**
 - **Білім – өмір үшін;**
 - **Өмір – сүйіспеншілік үшін;**
 - **Сүйіспеншілік – адам үшін;**
 - **Адам – руханилық үшін;**
 - **Руханилық – тыныштық үшін;**
 - **Тыныштық – бейбіт өмір үшін.**

**Сондықтан да ізгіліктен
тыныштыққа бет алу керек.**

"БӨБЕК" ҰҒПББСО Адамның үйлесімді дамуы институты



**Барлық жалпыадамзаттық құндылықтар –
бір адамдықтың қыры.**

Дұрыс әрекет – әрекеттегі Сүйіспеншілік.

**Жан тыныштығы бар жерде, ішкі тартыстар
болмаған жерде Сүйіспеншілік гүлденеді.**



- **Дұрыс әрекет** – іс-әрекеттегі Сүйіспеншілік.
- **Тыныштық** – сезімдегі Сүйіспеншілік.
- **Ақиқат** – ойдағы, сөздегі Сүйіспеншілік.
- **Қиянат жасамау** – түсінісудегі Сүйіспеншілік.



Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар

Ақиқат, Дұрыс әрекет, Тыныштық, Сүйіспеншілік және Қиянат жасамау адамның ұлтына, нәсіліне, тұратын ортасына және діни, мәдени тиістілігіне байланыссыз және уақытпен шектелмейді.

Олар бөлінбейді, өзара байланысты, өзара тәуелді және бір-біріне етене еніп, адам руханияты мен мәдениетінің бірыңғай негізін құрайды.



Өз бойында адамгершілік құндылықтарды дамытудың өзі білім болып саналады. **Ақиқат, Дұрыс әрекет, Тыныштық, Сүйіспеншілік, Қиянат жасамау** сияқты адамгершілік құндылықтарды жете түсінгісі келетін кез келген адам, осы құндылықтарды іс жүзінде қолданып, оларды адал ниетпен және ақ пейілмен таратса, сол адамды нағыз **КЕМЕЛ АДАМ** деп атауға болады.



Ішкі үйлесімділікке қол жеткізу үшін адам ойы, сөзі, ісі адами тұлғаның мынадай аспектілеріне сәйкес келетін жалпыадамзаттық құндылықтарға сай болуы тиіс:

Қиянат жасамау – рухани аспект.

Ақиқат – интеллектуалды аспект,

Сүйіспеншілік – адамгершілік аспект,

Тыныштық – эмоциялық аспект,

Дұрыс әрекет – физикалық аспект,

Мінез – адамның басты байлығы.

